

Д. А. ШАЙМҰХАНОВТЫҢ «КАРЛАГ» ЕҢБЕГІНІҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ ОРНЫ

Пайзилбеков Н.Г., Жолдасова А.Д.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Т.Қ. Сақабай

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті

npasilbekov@gmail.com

Қарағанды қ.

Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін - бұл бүкіл қоғамның тағдырын түбірімен өзгерткен адамзаттық әділетсіздіктің белгісі болып табылады. Республика бойынша сан мыңдаған адам «халық жауы» деген жалған айыппен қудаланып, олардың өмірі, еңбегі, шығармашылық мүмкіндігі тәркіленген еді. Күшпен жер аудару, заңсыз соттар, лагерьлер мен ату жазасы - бұның барлығы қоғамға ғана емес, жеке адамға да қайтымсыз жара қалдырды. Репрессиялар Қазақстанның әлеуметтік, ұлттық құрылымын ғана емес сонымен қатар ұлттың мәдениетін, саяси жүйесін түпкілікті бұзды.

Саяси қуғын-сүргінді зерттеу - бұл тарихты бетімен өшірмеу үшін жасалатын күрес. Бұл зерттеу тарихи әділеттілікті қалпына келтіру, қудалауға ұшыраған адамдардың тағдырын ғылыми дәлелдермен ашу, қоғамның санасын «ақтау» үшін қажет. Өйткені, өткенді білу - болашақты қорғаудың негізгі кешілі. Архивтік құжаттарды талдау, тарихи дәлелдерді қарастыру арқылы біз өткеннің қатерін анықтап, оның сабақтарын бүгінгі қоғамға жеткізе аламыз. Саяси қуғын-сүргінді зерттеу қоғамға сабақ береді. Ол тек тарихи шындықты қалпына келтіру емес, адам құқықтарын сақтау, азаматтық сана мен демократиялық құндылықтарды нығайтуға, қорқыныш пен әділетсіздіктің қоғамда қалыптасуына тосқауыл қоюға мүмкіндік береді.

Қазақстандағы саяси қуғын-сүргінді зерттеу тек тарихи әділеттілікті қалпына келтіру үшін ғана емес, сонымен бірге ғылыми тұрғыдан қоғамның даму заңдылықтарын, әлеуметтік құрылымның өзгерістерін, ұлттық мәдениет пен саяси жүйеге тигізген әсерін анықтау үшін де маңызды. Зерттеушілер Сталиндік репрессиялардың масштабы мен салдарын, олардың қоғамдағы психологиялық және әлеуметтік әсерін анықтап, тарихи сананы қалыптастыруға үлес қосады. Сонымен қатар, архивтік деректерді талдау, халықаралық тәжірибе және шетелдік зерттеулер Қазақстандағы қуғын-сүргіннің объективті бағасын жасауға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан, Қазақстандағы саяси қуғын-сүргінді зерттеу - қоғамның өз тарихымен бетпе-бет келуі, әділеттіліктің орнауы және ұлттық жадының сақталуы үшін жасалатын маңызды ғылыми міндет болып табылады. Бұл зерттеулер өткеннің қатерін түсінуге, тарихи сабақ алуға және болашақ ұрпаққа ескерту жасауға мүмкіндік береді. Бұл мақалада Д.Шаймұхановтың «Карлаг» еңбегінің Қазақстандағы саяси қуғын-сүргінді зерттеудегі рөлі мен жалпы маңызын қарастырамыз.

Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін тарихын зерттеу мәселесінің өзіндік ерекшелігі бар. Бұл тақырыпты зерттеу әр кезеңдегі саяси ахуал мен зерттеу мүмкіндігіне байланысты өзгеріп отырды. М.В. Нечкина атап көрсеткендей, 1934-1956 жылдар аралығында тарих ғылымы сталиндік репрессияларды толық зерттей алмады, себебі партиялық идеологияның қатал бақылауы зерттеушілердің еркін жұмыс жасауына мүмкіндік бермеді [1]. Қазіргі таңда саяси қуғын-сүргінді зерттеу тарихи шындықты қалпына келтіруге мүмкіндік береді. 1956 жылғы XX съезде Н.С. Хрущев «Жеке басқа табынушылық және оның салдары туралы» баяндамасында Сталиннің жеке әрекеттері мен «жеке бас культі» саяси репрессияларға жол ашқанын атап өтті. Баяндамада репрессиялардың басталуы 1934 жылы көрсетілген, бірақ 1930-1933 жылдардағы депортациялар мен кулактарды қудалау есепке алынбаған. Бұл мәліметтер Қазақстандағы репрессияларды зерттеуде маңызды рөл атқарады, себебі олар оқиғаларды дәлірек хронологиялық шеңберде қарауға мүмкіндік береді. Зерттеулер көрсеткендей, Сталиндік репрессиялар жүйесінің мақсаты тек жеке саяси қарсыластарды жою емес, халықты идеологиялық тұрғыдан бағындыру және партиялық аппараттағы оппозицияны толық жою болды. Д.А. Волкогоновтың пікірінше, «репрессияға ең алдымен сол адамдар ұшырады, олар Лениннің «социализмге жетудің бір ғана жолы - демократия және саяси еркіндік арқылы» деген нұсқауын сөзбе-сөз түсінген адамдар болды» [2]. Ал, Л.А. Гордон мен Э.В. Клопов мұны «репрессиялар деспотикалық режимді қолдаудың ажырамас бөлігіне айналды» деп сипаттаған, яғни саяси террор режимнің тұрақтылығын сақтау құралы болған [3]. Қазақстанда репрессиялардың әлеуметтік және психологиялық салдары да айқын көрінді. Халықтың жұмысқа қабілетті және белсенді бөлігін жою, адамдар арасында қорқыныш пен сенімсіздік тудырды, бұл ұрпақтан ұрпаққа психологиялық травма ретінде жалғасты. И.В. Бестужев-Лада репрессияларды «геноцид» деп сипаттай отырып, «ең еңбекқор, ең белсенді, ең талантты, ең адал бөлігі жойылды» деп атап өтті [4]. Бұл Қазақстанның әлеуметтік

құрылымына терең өзгеріс әкелді. Зерттеудің халықаралық маңызы да зор. Шетелдік авторлар ішінде неміс тарихшысы Р. Конквест, посткеңестік кеңістіктегі елдер ішіндегі ресейлік А.И. Солженицын, кеңестік дәуірдегі репрессияларды зерттеп, олардың әділ бағасын беруге тырысқан. А.И. Солженицын «ГУЛАГ архипелагы» шығармасында өзінің саяси қуғынға ұшыраған тәжірибесін сипаттап, халықтың трагедиясын көрсету арқылы Қазақстандағы репрессияларды кешенді талдауға жол ашқан болатын [5].

Тарихты бұрмалаудан аулақ болу, тарихи шындық пен есте сақтауды сақтау, тоталитаризмнің салдарын жеңу үшін тек репрессияларды ғана емес, олардың посткеңестік кеңістікте қаншалықты зерттелгенін де қарастыру өзекті мәселе болып табылады. Бұл мәселе Отандық зерттеушілер тарапынан да қарастырылып, зерделенген болатын. Атап айтатын болсақ, Қарағанды техникалық университетінің профессоры С.Д. Шаймұханованың «Қазақстандағы интеллигенцияға қарсы саяси репрессиялар 1940-50 жылдары» атты мақаласында репрессияларға ЦК КП(б) Қазақстанға кандидат болған барлық тұлғалар, сондай-ақ облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттерінің алғашқы хатшылары мен қалалық және аудандық кеңестердің төрағаларының барлығы іліккені көрсетілген. Репрессияға ұшырағандар арасында Қазақстанда кеңес билігін орнатуға белсенді қатысқан адамдар да бар. Мақалада «жоғарыдан берілген нұсқауға сәйкес, жергілікті органдар адал адамдарға қатысты жалған айыптау мен провокация әдісін кеңінен қолданғаны» айтылады. 1937 жылғы 2 шілдедегі ВКП(б) Орталық Комитетінің шешіміне сілтеме жасалып, республика бойынша қанша адам репрессияға ұшырауы керектігі нақты көрсетілген. Автор репрессиялардың қайғылы мәнін эмоционалды түрде атап өтеді [6].

С.М. Жүнісбаевтың «Қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде 1920-30 жылдардағы репрессиялар туралы» мақаласында да ұлттық интеллигенцияға қарсы репрессиялар ерекше көрсетіледі. Мақалада этнологтарға, оның ішінде орыс ұлтты азаматтарға (Е.Д. Поливанов, М.Ф. Гаврилов және басқа) қатысты репрессиялар туралы деректер берілген, бұл Орта Азия этнографиясына ауыр соққы болды. Дегенмен, зерттеуші басты назарды қазақ интеллигенциясына бағытталған репрессияларға аударады. Сонымен қатар, зерттеушілер Қазақстан тарих ғылымына тиген соққыны да атап көрсетеді. Мысалы, Кеңесары сұлтанның ұлттық-азаттық қозғалысы феодалдық-монархиялық және реакциялық деп жарияланып, отарлық биліктің репрессиялары мен қазақ патриоттарына қарсы жүргізілген саясат толықтай ұмытылған. Барлық келіспегендер репрессияға ұшыраған [7]. Саяси қуғын-сүргіннің демографиялық аспектісі де зерттеушілердің назарынан тыс қалмаған. Адам шығыны бойынша КСРО-да репрессия жылдары шамамен 13,5 миллион адам болған, ал Қазақстанда тек аштықтан 1,5 миллионнан астам адам қайтыс болғаны көрсетілген. Алайда бұл деректер толық нақтыланбаған, әрі әрі қарай зерттеуді қажет етеді. Қазақстан тарихының оқулықтарында да репрессиялар туралы мәліметтер кездеседі. Мысалы, Б.Г. Аяғанның редакциясындағы «Қазақстан тарихы» 9-сынып оқулығында Қазақстандағы саяси репрессиялар құрбандарының саны 3,5 миллион адам деп көрсетілген [8]. Сонымен қатар, оқулықта совет халықтарының Қазақстанға депортациясы және олардың қиын жағдайы туралы мәліметтер қарастырылған. Репрессиялардың басталу кезеңі Ресейдегі Қазан төңкерісімен байланыстырылады. Қорыта айтқанда, Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін тақырыбы тарихшылар үшін маңызды мәселе болып келеді. Дегенмен, статистикалық деректер әлі толық нақтыланбаған, көптеген еңбектер ресейлік зерттеушілердің жұмыстарына және демографиялық бағалауларға сүйенген. Саяси репрессияларды зерттеу тарихнамасы қазақ ғылымында біртіндеп дамып келе жатыр, ал посткеңестік кеңістікте зерттелу деңгейі әр елде әртүрлі болып отыр.

Репрессиялар тарихына соның ішінде лагерлер тарихы бойынша зерттеулер ішінде Отандық ғалым Д. А. Шаймұхановтың «Карлаг» еңбегі Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін тарихын зерттеуде ерекше мәнге ие. Ғалым еңбегінде Қазақстандағы репрессиялардың кең көлемін, жазалау лагерлерінің жүйесін, репрессияға ұшыраған адамдардың тағдырын, сондай-ақ қоғамдық және демографиялық зардаптарын жан-жақты қарастырады. «Карлаг» зерттеуі тарихи шындықты сақтауға, ғылыми дәлелдер арқылы репрессиялардың маңыздылығын көрсетуге және Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін тарихын талдауға мүмкіндік береді. Бұл еңбек Отандық тарихнамадағы саяси қуғын-сүргін мәселесі нақты, жүйелі және әділ тұрғыда қарастырған зерттеу болып табылады.

Д.А. Шаймұханов «Карлаг» зерттеуінде лагерь тарихын төрт ірі аспект бойынша жүйелі талдайды. Соның алғашқы әрі ең іргелі бөлімі - Карлагтың құрылуы мен дамуы. Бұл бөлім еңбектің құрылымдық өзегін құрайды, себебі кейінгі тараулардағы тағдырлық, әлеуметтік, экономикалық және ғылыми процестердің барлығы осы репрессиялық құрылымның негізінде қалыптасқан. Д. Шаймұханов жаһандық ГУЛАГ жүйесінің ішкі механизмдерін Қазақстан кеңістігіне көшіру процесін егжей-тегжейлі қарастыра отырып, Карлагтың саяси және экономикалық мәнін нақты деректермен көрсетеді. Оның айтуынша, 1930 жылғы 5 желтоқсандағы БК(б)П ОК қаулысы негізінде Қарағанды түзету-еңбек лагері құрылып, 1931 жылдың басынан бастап құрамына Долинка, Спасск, Осакаровка, Қарқаралы,

Жартас, Ақмола өңірлеріндегі мыңдаған шаруа қожалықтарының жерлері күшпен кірістірілген. Архив деректері бойынша, лагерьдің бастапқы алаңы 1,780,650 гектар жерді қамтыған - бұл бір облыс көлемімен шамалас алқап. Шаймұхановтың еңбегінде келтірілген бірқатар деректер Карлагтың тек жазалау орны емес, сонымен бірге кеңестік экономикалық саясаттың тікелей құралы болғанын танытады. 1931 жылдың 1 шілдесіне қарай лагерьде 21 323 тұтқын есепке алынған. Олардың әлеуметтік құрамы Шаймұханов ерекше назар аударған маңызды көрсеткіштердің бірі: 2 226 - кулактар, 5 307 - орташалар, 5 140 - кедейлер, 586 - батрактар, 2 864 - колхозшылар, қалғаны - қызметкерлер, ұстаздар, дін өкілдері, әскери тұлғалар, интеллигенция өкілдері. Тұтқындар 47 ұлттан тұрған. Бұл - репрессияның тек саяси ғана емес, этно-әлеуметтік масштабын көрсететін нақты статистика. Бұл еңбекте лагерьдің құрылу кезеңіндегі адамдар тағдыры ерекше орын алады. Сол сияқты Шаймұханов лагерьдің алғашқы құрылу жылдарындағы жазалау механизмі туралы да бірқатар бұрын жарияланбаған архивтік құжаттарды енгізеді. 1929-1933 жылдары ОГПУ-дің “үштіктері” және «ерекше кеңестері» Қазақстан аумағында 9 805 істі қарап, 22 933 адамды жазалаған. Соның 3 386-сы атылған, 13 151-і 3-10 жылға лагерьге айдалған. Бұл көрсеткіштердің басым бөлігі Карлаг жүйесіне түскендерден құралған. Автор лагерьдің дамуы барысында оның құрылымдық күрделенуін де көрсетеді: 1930-40-жылдар арасында Карлаг 26 бөлімше, 192 бригада, 200-ден аса шаруашылық нүкте құрған. Бұл - репрессиялық жүйенің тек идеологиялық емес, біртұтас экономикалық механизмге айналғанының айғағы. Шаймұханов ең нәзік мәселе ретінде лагерьдің қалыптасу кезінде қолданылған күштеу, тәркілеу және қоныстандыру саясатының жергілікті халыққа әсерін де көрсетеді. Лагерь аумағынан күштеп көшірілген қазақ ауылдары туралы құжаттар, мысалы, 1931 жылы Осакаров аймағындағы 13 ауылдың түгелдей босатылуы, зерттеу еңбегінің эмпирикалық негізін күшейтеді.

Еңбекте назар аударылатын маңызы аспекті Карлагтағы тұтқын әйелдер мәселесі. 1937-1938 жылдары Москвадан, Ленинградтан, Украинадан, Белоруссиядан, Армениядан, Орта Азиядан жүздеген әйелдер әкелінді. Алғашқы қабылданғандар саны қырық-елу болса, кейінгі кезеңде 1600 әйел Бутырь түрмесінен және 70 әйел Ленинградтан жеткізілді. Лагерьде жалпы Карлаг бойынша сотталған 22 мың әйел болды, олардың мерзімі әртүрлі - 3-тен 10 жылға дейін. Тұтқындар арасында партия және кеңес органдарындағы басшы қызметкерлердің, соғыс қайраткерлерінің, ғалымдар мен жазушылардың әйелдері отырды. Мысалы, Н. Бухариннің әйелі, М. Н. Тухачевскийдің әйелі, қызы мен екі қарындасы, Я. Гамарниктің екі қарындасы, Блюхердің әйелі, А. С. Енукидзенің әйелі мен қызы, М. Н. Рютиннің әйелі Евдокия Михайловна, П. Н. Васильевтің әйелі Е. Валярова-Васильева, Л. Русланова, Анна Тимирова және басқа да әйелдер қамалды. Көпшілігі кінәсіз болды, кейде күйеуінің қызметі немесе ата-анасының тағдыры себеп болды. Мысалы, инженер Г. Орловскийдің әйелі Е. А. Фогельман 1936 жылы алты жылға сотталып, күйеуінің атуынан кейін лагерьде болды; Мэри Эдуардовна Акопова сегіз жылға сотталып, он жасар ұлынан айырылды; Лидия Русланова мен Анна Тимирова да бірнеше жыл бойы лагерьлерде азап шекті. Әйелдерге мал бағу, отын дайындау, көкөніс жинау, қамыс өңдеу сияқты ауыр еңбек түрлері жүктелді. Кейбір тұтқындар денсаулығына байланысты тігін цехына немесе жеңіл жұмыстарға ауыстырылды. Балалар көбіне анасымен бірге, кейде бөлек арнайы бөлімшелерде отырды, олардың дамуы мен денсаулығына қатты зардап тиген. Лагерьде әйелдер 3-10 жыл бойы азап шекті, әлеуметтік және отбасылық байланыстар үзіліп, олардың сыртқы дүниемен қатынасы бұзылды. Әйелдер лагерьде өзара қолдау көрсетті, ән айтып, кейде ойын-сауық ұйымдастырып, аз да болса моральдық демалыс табуға тырысты. Карлагта ересектермен бірге «халық жауларының» балалары да отырды. Көпшілігі әкелерінің «қылмысына» жауапсыз болғанымен, балалар толық айыпкер ретінде сотталып, мерзімдерін өтеді. Кейбірі мектеп қабырғасынан тұтқындалған: мысалы, Муся Полбыцина - 5 жыл, Маня Шубрикова - 16 жасында қайтыс болды, Мира Гиндина - 14 жасында тұтқындалған, Иосиф Пятницкий - 5 жылға сотталған. 15 жасар Николай Булка М. И. Калининнің портретін бүлдіргені үшін сотталған. Балалардың жағдайы өте нашар болды, киімі ескірген, төсек-жайы нашар, жұмысқа жарамсыз, азық-түлік жеткіліксіз. Емшектегі балалар аналарымен бірге жүрсе де, әйелдерге күніне 10 сағаттан астам еңбек жүктеліп, балаларды емізуге мүмкіндігі шектеулі болды. 1938 жылы 2103 әйелдің 655-і жүкті немесе емшектегі баласы бар, 1941 жылы 108 әйел келді. Балаларды 3-4 жасында аналарынан айырып, сәбилер үйіне жіберген, 1939 жылы лагерьде 451 сәби болса, 114-і қайтыс болды. Балалы әйелдер мен балаларға арналған лагерьлерде бақылау мен тәртіп қатаң, бірақ кейде нәтиже бермеді. Карлагта 60 учаске мен ферма, орталық балалар комбинаты, 18 балабақша мен бөбектер үйі болды. 1940-1952 жылдары 1048-1713 бала туған. 1950 жылғы КСРО үкіметінің Жарлығынан кейін 785 жүкті әйел, 706 жас балалы әйел босатылып, жалпы 2886 әйел лагерден шықты. Лагерьдегі балалар мен аналардың жағдайы ауыр, әлеуметтік, эмоционалды және физикалық тұрғыдан қатты зардап шекті.

Д.А. Шаймұханов өз еңбегінде лагерьдегі шаруашылық пен өнеркәсіп мәселесіне де назар аударады. Біріншіден, Карлагтағы егін шаруашылығы және суармалы жерлерді дамыту. Карлагқа

қарасты «Гигант» совхозы 1930 жылы құрылған және оның бастапқы аумағы 661,4 мың гектардан тұрды. Совхоз бірнеше өндірістік учаскеге бөлінді: Долинка, Волков, Самар, Сарапта, Бұрма-Просторный, Көктіңкелі, Бидайық. 1931 жылдан бастап совхоз ГУЛАГ-қа тікелей бағындырылып, лагерь тұтқындарының еңбегі арқылы ауыл шаруашылығы дамытылды. Тұтқындар күніне 12-15 сағат еңбек етті, суармалы жерлердің көлемі ұлғайтылып, 1939-1944 жылдары дұрыс суарылған және селдетен суарылған жерлер едәуір артты. Жауапкершілікпен жүргізілген суару, тың жерлерді игеру, егістік құрылымын жетілдіру арқасында дәнді дақылдар, көкөніс және күнбағыс өнімдері жоспардан асып өндірілді. Мысалы, 1942 жылы жоспарланған астық мөлшері 117,5% орындалды. Соғыс жылдарында 20 мыңға жуық тұтқын ауыл шаруашылығында еңбек етті және Карлаг аймақтық азық-түлік қажеттілігін қамтамасыз етті. Ал екіншіден, мал шаруашылығының дамуы және асыл тұқымды мал өсіру туралы айтсақ, егін шаруашылығымен қатар, Карлагтағы мал шаруашылығы да дамытылды. «Гигант» совхозында 1934 жылы 104 638 гектар жайылым пайдаланылды, ірі қара мен қой саны артты, малдар асыл тұқымдық будандастыру арқылы ет және сүт өнімділігін жақсартты. Мысалы, 1941 жылы әр сауын сиырдан 2133 кг сүт алынған. Қой шаруашылығында етті, майлылығы жоғары және жібек жүнді «Рамбуль» тұқымдары енгізіліп, 1941 жылдан бастап өнім сапасы артты. Қой саны 1941 жылы 163 200 болса, 1946 жылы 233 мыңға жетті. Жылқы шаруашылығы да кеңейіп, 1932 жылы 250 жылқы болса, 1950 жылы 13 мыңға жуықтады. Соғыс жылдары лагерь армияны мініс аттары мен күш көлігімен үздіксіз қамтамасыз етті. Ғалымдар мен мамандардың еңбегі арқасында мал шаруашылығының ғылыми негізі қалыптастырылып, тұтқындар мал өсіру және ауыл шаруашылығы техникасын пайдалану арқылы жоғары өнімге қол жеткізді. 1950 жылы совхоздағы мал шаруашылығы фермаларының саны 236-ға жетті, ал еңбек етушілердің ішінде 113 ғалым, 268 жоғары білімді мал маманы болды. Тұтқындар еңбегі мен еңбек өнімділігін ұйымдастыру да қарқынды жүрді. Карлагтағы ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп саласындағы негізгі күш тұтқындардың еңбек армиясына негізделді. Тұтқындар күнделікті ұзақ жұмыс істеп, әртүрлі агротехникалық және мал шаруашылығы жұмыстарын орындады. Еңбек өнімділігін арттыру үшін бәсеке, сыйлықтар, газет, плакаттар арқылы ынталандыру қолданылды. Совхоздар мен бөлімшелердің кенеюі, жаңа техника енгізілуі (трактор, комбайн, жүк машинасы), суармалы жерлерді дамыту және егістік құрылымын жетілдіру арқылы өнім көлемі едәуір артты. Мысалы, 1942 жылы тұтқындар жоспардан 117,5% астық жинады, көп жылдық шөп өнімділігі 200% жетті. Еңбек тәртібі мен ұйымшылдық арқасында Карлагтың шаруашылығы соғыстан кейін де Орталық Қазақстандағы негізгі аграрлық базалардың біріне айналды. Осылайша, соңғы аспектіні айтар болсақ, мұнда тұтқын ғалымдардың зерттеулері туралы баяндалады. 1932 жылы «Гигант» совхозында Орталық Қазақстанда тұңғыш ауыл шаруашылығы тәжірибелік-зерттеу станциясы құрылды. Мұнда тұтқын ғалымдар шаруашылық жерін зерттеп, топырақтану, геоботаника, метеорология, агрохимия, өсімдік селекциясы және мал шаруашылығы саласында жұмыс істеді. Л. А. Пельчих 700-ден астам өсімдіктер түрінен гербарий жасап, геоботаникалық карталар мен 9 ғылыми еңбекті жариялады. Станцияда егіншілік пен жемшөп өндірісі, суарылмайтын және суармалы алқаптарда тәжірибе жүргізілді. 1941 жылға дейін мемлекеттік сорт сынағына 43 жаңа сорт жіберілді, оның 33-і астық, қалғаны шөп сорттары. Карлагтың Көктіңкелі бөлімшесінде биайдан гектарына 55 центнер, картоптан 450 центнер өнім алынды. Ғалымдар құрамында С. А. Архангельский (ВАСХНИЛ академигі), А. А. Корнилов (Н. И. Вавилов шәкірті), А. А. Зайцева (Лениндік сыйлық лауреаты), И. К. Фортунатов, С. П. Сорокин, Д. И. Новогрудский, Н. Я. Постоялков, С. Т. Бубенцов болды. Мал шаруашылығында Ірі қара, қой және жылқы тұқымдарын асылдандыру жүргізілді. А. В. Ланина қазақ ақбас сиырын сынақтан өткізіп, Мемлекеттік сыйлық лауреаты атанды. Борис Фортунатов жаңа тұқымды қойларды өсіріп, олар Мәскеудегі көрмелерде жүлде алды. Я. К. Бычек жаңа бидай сорттарын - «алабас», «қызылбас», «Қарағанды-2» енгізді. Райнольд Арнольдович Циоп микробиолог ретінде ветбаклаборатория мен биофабриканы басқарды. Профессор Оғали, Я. Е. Василец, А. И. Колычев, Екатерина Н. Савельева, Владимир В. Стелецкий, Виктор П. Айма, А. П. Пашкин, Евгений А. Черепанов, Александр Я. Белоус, Иван В. Попов, Павел И. Буц, Василий И. Линченко - барлығы тәжірибе станциясында мал шаруашылығы мен егіншілік саласына үлес қосты. 1931 жылы метеостанция жұмыс істей бастады. 1931-1938 жылдары ауа райының өзгерісі бақылауға алынды: мысалы, 1931 жылғы 13 тамызда температура 2°C-қа төмендеп, көктеп келе жатқан қияр мен картопқа зиян келтірді. 1940 жылға дейін метеорология торабы 6 станциядан құралды, негізгісі Долинкада болды. 1943 жылы бақылаулар қорытындыланып, «Климат анықтамалығы» басылды. Тұтқын ғалымдар адам төзгісіз жағдайда өмір сүрсе де, ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығын дамытуға өлшеусіз үлес қосты. Олардың еңбегі жаңа сорттар мен тұқымдарды енгізу, рекордтық өнім алу және ғылыми зерттеулерді жүзеге асыруға бағытталды[9].

Қорытындылай келе, Д. А. Шаймұхановтың «Карлаг» зерттеуі ғылымда елеулі рөл атқарады. Ол Қазақстандағы саяси қуғын-сүргіннің кешенді бейнесін жасауға мүмкіндік береді, тұтқындардың адамгершілік және кәсіби еңбектерін тарихқа енгізеді, сондай-ақ архивтік, статистикалық және аналитикалық мәліметтердің бірлігін қамтамасыз етеді. Бұл еңбек репрессиялық жүйенің құрылымы мен әсерін терең түсінуге мүмкіндік беріп, Отандық тарихты зерттеушілерге сенімді дереккөзі ретінде қызмет етеді.

Қазақстандағы саяси қуғын-сүргінді зерттеу тарихи шындықты қалпына келтіру, әлеуметтік әділеттілікті сақтау, қоғамдық сана мен ұлттық жадыны қалыптастыру тұрғысынан шешуші рөл атқарады. Репрессиялардың масштабы, себептері және салдары Қазақстан қоғамының тарихи санасын қалыптастырады, қазіргі және болашақ ұрпаққа тарихи сабақ ретінде қызмет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Нечкина, М.В. О периодизации истории советской исторической науки / М.В. Нечкина // История СССР. - 1960.- №1.
2. Волкогонов, Д.А. Триумф и трагедия: Политический портрет И.В. Сталина / Д.А. Волкогонов. - Барнаул, 1990. - Кн. 1.
3. Гордон, Л.А. Что это было? Размышления о предпосылках и итогах того, что случилось с нами в 30-40-е годы / Л.А. Гордон, Э.В. Клопов. - М., 1989.
4. Бестужев-Лада, И.В. Аморальность и антинародность «политической доктрины» сталинизма / И.В. Бестужев-Лада // История СССР. - 1989. - №5.
5. Солженицын, А.И. Архипелаг ГУЛАГ, 1918-1956: Опыт художественного исследования в 3 т. / А.И. Солженицын. - М., 1989.
6. Шаймұханова С.Д. Политические репрессии интеллигенции в Казахстане в 40-х начале 50-х гг. URL: <https://e-history.kz>
7. Джунусбаев С.М. к.и.н., доцент, ЮКГУ им. М. Ауэзова - О репрессиях 1920-30 годов в трудах Казахстанских ученых. URL: <https://auezov.edu.kz/media/attachments/2022/04/12/12--130-136.pdf>
8. История Казахстана за 9 класс. Часть 1 (начало XX века настоящее время) / Б. Аяган, М.Шаймерденова. URL: <http://bibliotekar.kz/istoriki-kazahstana-za-9-klass-nachalo-x/2-massovye-repressii-v-1930-h-godah-sozd.html>
9. Шаймұханов Д. А., Шаймұханова С. Д. Карлаг. - Алматы, 1997. - 104 б.

АТАЛЫҚТАР ӘУЛЕТІ: АРЫСТАН, БАРҚЫ, НИЯЗ

Тасболатова Н.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.д, профессор Нұрбай Қ.Ж.

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті
naziratasbolatova07@gmail.com

Астана қ.

Тұлғатану тақырыбы - қазақ тарихындағы аса өзекті мәселелердің бірі және аз зерттелген тақырып болып табылады. Менің таңдаған тақырыбым «Аталықтар әулеті». Кейінгі ортағасырларда Шыңғыс хан империясының орнында құрылған көптеген түркі мемлекеттерінде болған аталықтар әулеті соңғы уақытта қалың көпшіліктің қызығушылығын тудыруда.

Жалпы «Аталық» сөзіне тоқталып өтейік. Ол қашан, қай уақытта, не үшін шыққан ұғым? «Аталық» термині тақ мұрагерлерін тәрбиелеу мен оқыту міндеті жүктелген тәрбиешіні немесе қамқоршыны білдірген. Жазбаша дереккөздерде «аталық» сөзі «атабек» және «атабей» терминдерімен синоним болып табылады. Мысалы, Әбдулгаффар Қырымидың XVIII ғасырдағы «Умдет әл-ахбар» еңбегінде: «атабей, яғни аталық» деп айтылады, ал XX ғасырдың басындағы тарихшы Құрбанғали Халиди де екі терминнің бірдей мағына беретіндігін атап өткен. Бұл ақпаратты растайтын басқа да тарихи деректер бар. Мысалы, XVI ғасыр тарихшысы Мырза Мұхаммед Хайдардың «Тарих-и Рашиди» еңбегінде екі термин де қолданылады. Дегенмен, автор көбіне «атабек» сөзін пайдаланып, «аталық» сөзін бір мәрте ғана қолданған. XVII-XVIII ғасырлардағы орыс құжаттарында «аталық» сөзі «дядька» немесе «мамич» деп аударылып, оның тәрбиелік рөлін атап өткен [1, 91 б.]. Кіші жүздің билеушісі, Қазақ ханы Әбілқайырдың хатында Бұхара ханның «аталығы, яғни дядькасы» қайтыс болды деген